

ҒТАХА 03.20.

DOI: <https://doi.org/10.62724/202540106>

Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы¹

ҚР ҰҒА құрметті академигі, т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан, tuyakbai.rysbekov@mail.ru,
ORCID ID: 0009-0008-8354-7496

Хамзин Ерлан Қайржанұлы^{*2}

Магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан,
erlan.khamzin03@mail.ru, ORCID ID: 0009-0004-0467-5811

XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ - XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МАЛ ЖӘНЕ ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада XIX–XX ғасырдың басындағы Батыс Қазақстан өңірінде мал және егін шаруашылығына негізделген аралас шаруашылық жүйесінің қалыптасуы мен даму үдерісі жан-жақты талданады. Зерттеуде аймақ халықтарының дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығынан біртіндеп жартылай көшпелі және отырықшы өмір салтына ауысуына әсер еткен табиғи-географиялық жағдайлар, әлеуметтік-экономикалық ықпалдар және саяси шешімдер қарастырылады. Сонымен қатар егіншіліктің далалық аймақтарда таралуына түрткі болған ішкі және сыртқы факторлар, оның ішінде жер мәселесі, отарлық басқару саясатындағы өзгерістер, жергілікті халық пен қоныс аударушылар арасындағы шаруашылық тәжірибе алмасуы сияқты құбылыстар ғылыми тұрғыдан сарапталады. Мақалада Батыс Қазақстандағы аралас шаруашылықтың қалыптасуы аймақтың экономикалық құрылымын жаңғыртып қана қоймай, жергілікті тұрғындардың әлеуметтік бейнесіне, күнкөріс модельдеріне, еңбек дағдыларына және дәстүрлі шаруашылық мәдениетіне айтарлықтай ықпал еткені көрсетіледі. Шаруашылық қатынастарының эволюциясы арқылы аймақтың отарлық кезеңдегі әлеуметтік стратификациясы, жер пайдалану ерекшеліктері, жаңа экономикалық байланыстардың қалыптасуы сияқты маңызды мәселелер ашылады. Зерттеу нәтижелері Батыс Қазақстанның экономикалық дамуындағы тарихи бетбұрыстарды терең түсінуге, отарлық кезеңнің өңірлік ерекшеліктерін айқындауға және аралас шаруашылықтың кейінгі кезеңдердегі аграрлық саясат пен ауылдық қоғамның қалыптасуына тигізген ықпалын бағалауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер. Мал шаруашылығы, егіншілік, экономика, қоныс аудару саясаты.

Рысбеков Туяқбай Зейтович¹

Почетный академик НАН РК, д.и.н., профессор, Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан, tuyakbai.rysbekov@mail.ru,
ORCID ID: 0009-0008-8354-7496

Хамзин Ерлан Қайржанұлы^{*2}

Магистрант, Западно-Казахстанский университет им. М. Утемисова, Уральск, Казахстан, erlan.khamzin03@mail.ru, ORCID ID: 0009-0004-0467-5811

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ЖИВОТНОВОДСТВА И ЗЕМЛЕДЕЛИЯ В ЗАПАДНОМ КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА.

Аннотация. В статье всесторонне анализируется процесс формирования и развития смешанного типа хозяйства, основанного на скотоводстве и земледелии, в Западном Казахстане в XIX – начале XX века. В исследовании подробно рассматриваются природно-географические условия, социально-экономические факторы и политические решения, оказавшие влияние на постепенный переход местного населения от традиционного кочевого скотоводства к полукочевому и оседлому образу жизни. Также анализируются внутренние и внешние причины распространения земледелия в степных районах, включая земельный вопрос, изменения в колониальной административной политике, а также обмен хозяйственным опытом между местным населением и переселенцами. В статье показано, что формирование смешанного хозяйства в Западном Казахстане не только обновило экономическую структуру региона, но и существенно повлияло на социальный облик населения, модели повседневного быта, трудовые навыки и традиционную хозяйственную культуру. Через анализ эволюции хозяйственных отношений раскрываются такие важные аспекты, как социальная стратификация в колониальный период, особенности землепользования, формирование новых экономических связей. Результаты исследования позволяют глубже понять исторические преобразования в экономическом развитии Западного Казахстана, выявить региональные особенности колониальной эпохи, а также оценить влияние смешанного хозяйства на последующую аграрную политику и формирование сельского общества.

Ключевые слова. Животноводство, земледелие, экономика, переселенческая политика.

Rysbekov Tuyakbay Zeitovich¹

Honorary academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, doctor of historical sciences, professor, West Kazakhstan University named after M.

Utemisov, Uralsk, Kazakhstan, tuyakbai.rysbekov@mail.ru,

ORCID ID: 0009-0008-8354-7496

Khamzin Yerlan Kairzhanuly*²

Master's student, West Kazakhstan University named after M. Utemisov, Uralsk, Kazakhstan,

erlan.khamzin03@mail.ru, ORCID ID: 0009-0004-0467-5811

TOPICAL ISSUES OF THE DEVELOPMENT OF LIVESTOCK BREEDING AND AGRICULTURE IN WESTERN KAZAKHSTAN AT THE END OF THE 19TH AND THE BEGINNING OF THE 20TH CENTURIES

Abstract. This article provides a comprehensive analysis of the formation and development of a mixed economy based on livestock breeding and agriculture in Western Kazakhstan during the 19th and early 20th centuries. The study examines in detail the natural-geographical conditions, socio-economic influences, and political decisions that led the local population to gradually shift from traditional nomadic pastoralism to semi-nomadic and sedentary forms of life. It also analyzes the internal and external factors that contributed to the spread of agriculture in the steppe regions, including land issues, changes in colonial

administrative policies, and the exchange of agricultural practices between the local population and settlers. The article demonstrates that the emergence of a mixed economy in Western Kazakhstan not only transformed the region's economic structure but also had a significant impact on the social profile of the population, everyday livelihood models, labor skills, and traditional economic culture. Through an examination of the evolution of economic relations, the study reveals important aspects such as social stratification during the colonial period, specific features of land use, and the formation of new economic linkages. The findings of the research provide a deeper understanding of the historical transformations in the economic development of Western Kazakhstan, identify regional characteristics of the colonial era, and assess the influence of the mixed economy on subsequent agrarian policies and the formation of rural society.

Key words. Livestock breeding, agriculture, economy, resettlement policy.

Кіріспе. Қазақ даласында мал және егін шаруашылығына негізделген аралас шаруашылық түрінің қалыптасуы – аймақтың әлеуметтік-экономикалық қатынастар эволюциясындағы тарихи тұрғыдан заңды құбылыс болды. XVIII ғасырдың бірінші жартысынан бастап, әсіресе 1731 жылы Батыс Қазақстанды қамтыған Кіші жүздің Ресей империясы құрамына еңу үрдісі байқалған тұстан, патша үкіметі қазақ қоғамының шаруашылық құрылымына мақсатты түрде ықпал ете бастады. Ресей әкімшілігі үшін далалық аймақтарды игеру, шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және жаңадан бағынған аумақтарды экономикалық тұрғыда тұрақтандыру маңызды міндеттердің бірі болды. Осы мақсатта қазақ жерлерінде егіншіліктің маңызын арттыру, көшпелі халықты біртіндеп отырықшылыққа бейімдеу және ауыл шаруашылығының жаңа формаларын енгізу саясаты жүйелі түрде жүргізілді. Алайда бұл үдеріс күрделі әрі ұзақ мерзімді сипат алды. Себебі қазақ халқының көшпелі өмір салты ғасырлар бойы табиғи жағдайларға, маусымдық жайылымдардың кеңдігіне және мал шаруашылығына негізделген дәстүрлі экономикалық модельге сүйенген болатын. Көшпелі жүйенің тұрақтылығы мен өміршеңдігі халықтың әлеуметтік құрылымында, тұрмыс-тіршілігінде, еңбек мәдениетінде және дүниетанымында терең орныққан еді. Сондықтан отырықшылыққа көшу бірден немесе жаппай жүзеге асқан жоқ.

Отырықшылыққа ауысу көбіне экологиялық, экономикалық және саяси қысым жағдайында байқалды: жайылымдардың тарылуы, қоныс аударушы шаруалардың көптеп келуі, мал санының азаюы, жаңа салықтар мен басқару формалары көшпелі топтарды жаңа тіршілік формаларын іздеуге итермеледі. Бірақ, соған қарамастан, халықтың қомақты бөлігі ұзақ уақыт бойы дәстүрлі көшпелі шаруашылықты сақтап қалуға тырысты, ал отырықшылыққа көшу көбіне шағын қауымдар мен жекелеген ауылдар деңгейінде жүзеге асты.

Қазіргі тарихнамада бұл мәселе тарихшылардың еңбектерінде қаралғанын айта отырып, дегенмен оның барлық ерекшеліктері толыққанды айқындалды деу ертелеу болар. Бұл тақырып бойынша Рысбеков Т.З, Шарафутдинов З.Ф, Бірімжаров Б.Қ сияқты зерттеушілердің еңбектері болғанымен, Батыс Қазақстандағы мал және егін шаруашылығына негізделген аралас шаруашылықтың қалыптасуының экономикалық және басқа себептері мен заңдылықтары толық ашылып, ғылыми тұрғыдан жүйелі талдануы оның одан әрі ашылуына қажетті үлес болатыны анық. Көптеген еңбектерде негізінен отарлық саясаттың саяси аспектілері қарастырылып, экономикалық және басқа да әлеуметтік өзгерістердің мазмұны мен себеп-салдары аздап көлеңкеде қалып отырды. Осыған байланысты аталған мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы

Батыс Қазақстан өңірінде аралас шаруашылықтың қалыптасу ерекшеліктерін әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан талдау мақсат етілген.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Батыс Қазақстандағы мал және егін шаруашылығының қалыптасуы мен дамуын зерттеу үшін әртүрлі тарихи деректер мен ғылыми әдебиеттер қолданылды. Негізгі дерек көздерінің қатарында Ресей архивтерінің құжаттары да бар. Бұл архивтік материалдар аймақтағы шаруашылық құрылымдарының қалыптасуы мен әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгерістерін талдауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, зерттеу барысында XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының әлеуметтік құрылымын көрсететін С.З.Зимановтың «Общественный строй казахов первой половины XIX века» еңбегі және Батыс Қазақстандағы көшпелі және отырықшылық шаруашылық арасындағы байланысты талдауға мүмкіндік беретін Н.Троицкийдің «Очерки Зауральской степи и Внутренней или Букеевской Орды» еңбегі пайдаланылды.

Зерттеу барысында қолданылған әдістерге тарихи-аналитикалық әдіс, салыстырмалы талдау, тарихи деректерді синтездеу, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық факторларды талдау жатады. Бұл әдістер Батыс Қазақстандағы мал және егін шаруашылығының дамуын жан-жақты, терең талдауға және аралас шаруашылықтың қалыптасу заңдылықтарын көрсетуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер және оларды талқылау. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Батыс Қазақстандағы көшпелі өмір салтына негізделген шаруашылыққа әлеуметтік-экономикалық өзгерістер ене бастады. Бұл өзгерістер әсіресе Ресейде басыбайлық құқық жойылғаннан кейінгі патша үкіметінің қоныс аудару саясатының нәтижесінде байқалды. Жерсіз қалған шаруалардың үлкен топтары қазақ даласына қоныс аударып, өз жер телімдерін алып, егіншілікпен айналысуға ұмтылды. Сондықтан дәстүрлі мал шаруашылығымен қатар егіншілік те аймақтық деңгейде дамыды. Шаруашылық жағдайлары бойынша екі негізгі аймақ ерекшеленді: солтүстік өңірлерде, Жайық өзенінің бойында, табиғи жағдайдың қолайлылығына байланысты егіншілік кең өріс алды; ал оңтүстік аймақтарда, Арал теңізіне жақын жерлерде, керісінше, мал шаруашылығы негізгі кәсіп болып қалды. Осылайша, Батыс Қазақстанда аралас шаруашылықтың аймақтық ерекшеліктері қалыптаса бастады.

Біртіндеп көшпелі халықтың бір бөлігі егіншілікке бейімделді. Еркін экономикалық қоғамның корреспондент-мүшесі В. Кузнецов 1867 жылы былай деп атап өтті: «Поля киргизы не удабривают, а сняв с поля несколько хлебов, предоставляют ему самому удабриваться в течение десятков лет. Обилие земли даёт возможность вести так дело. Как ни просто в настоящее время земледелие киргиз, но оно представляет собой явление отрадное. Киргизы не остановятся на той степени, на какой стоят ныне, они пойдут вперед. А в последнее время уже замечен прогресс, а именно, киргизы покупают железо на бороны» [1]. Мұнда қазақ даласында егіншіліктің дамуы белгілі бір дәрежеде "қарақшылық жолмен", яғни бірнеше жыл бойы белгілі бір аумақ егіліп, егін жинауды тоқтатқан кезде оны тастап, жаңа аумақтарға көшкенін атап өтуге болады. Яғни, егіншілік кең көлемде дамыды, әдетте топырақты ұрықтандыру және жаңа агрономиялық құралдарды қолдану арқылы емес, жаңа жерлерді жырту арқылы, әсіресе бос жатқан аумақтың көптігі бұған мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Батыс Қазақстанда халықтың тығыздығы өте төмен болды, бұл көптеген фермерлердің үлкен аумақтарды пайдалануына ықпал етті.

С.З. Зимановтың пікірінше, XIX ғасырдың бірінші жартысында егіншілікте екі тенденцияның қайшылыққа келуі тән болды. Бір жағынан, қоғамның үлкен бөлігінің егіншілікке және оны жүргізетіндерге деген дәстүрлі теріс көзқарасы сақталды, екінші жағынан, қоғамның шағын бөлігі, ескі көзқарастарға қарамастан, егіншілікті тек

уақытша кәсіп ретінде ғана емес, мал шаруашылығына қосымша тұрақты өндіріс саласы ретінде дамыта бастады. Осылайша, ескі мен жаңа арасындағы күрес негізінде егіншіліктің әрі қарайғы дамуы жүзеге асты. Екі тенденцияның да объективті себептері сол кездегі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайларында жатыр [2, 35 б].

Нағыз дәстүрлі мал шаруашылығы – Жайық пен Еділ өзендерінің аралығында орналасқан Бөкей ордасында болды. Бұл өңірде көшпелі өмір салты өте тұрақты сақталған. Н. Троицкийдің сөзінше: «Ішкі Ордадағы қырғыздардың кәсібі негізінен мал шаруашылығында көрінеді. Көбінесе қой, ірі қара мал, жылқы өсірілді. Саудадағы басты тауар-май, жүн, тері болды» [3, 17-18 бб.].

Алайда осы өңірде де көрші орыс губернияларының егіншілік мәдениетінің әсері байқалды. Сонымен қатар, мал шаруашылығының аймақтық шаруашылық байланыстардағы рөлінің біртіндеп төмендеуі – малдың жаппай қырылуы (жұт) оқиғасымен де байланысты болды. Көбінесе бұл құбылыс боран немесе қалың қардың нәтижесінде орын алып, малдың жайылымына кедергі келтіріп, олардың қырылуына әкеп соқтырды. Жұт-көшпелі халық үшін ең қауіпті және ауыртпалықты апаттардың бірі болды. Бұл құбылыстар жүйелі түрде қайталанып отырды және көшпелі халықтың материалдық жағдайының нашарлауына әкелді. 1892 ж. Елек уезінің басшысы Торғай өңірінің әскери-губернаторына жолдаған хатында: «Еще в давние периоды киргизской жизни замечалось, что народ этот после всякой бедственной с ними случайности и экономических кризисов от джута или столь не редких в те времена в степи общих народных бедствий от погромов войны, междоусобицы, несмотря на всю свойственную кочевнику нелюбовь к труду, немедленно обращался к ссыскиванию себе пропитания в земледельческом промысле, следуя в этом случае нижеследующему мировоззрению, свойственному на различные роды занятий людей, по которым одно только земледелие предназначается наивернейшим способом существования и которое формируется так: «Только земледельчество представляет наиболее верный источник материального обеспечения и блага; в скотоводчестве одно множится до пяти; совершенно бесплодно является жизнь удальца-искателя приключений в набегах, торговля же ведет к банкротству», - делінген [4, 34-45 пп.].

XIX ғ. аяғындағы көшпелі қоғамда жер даулары мен тайпалар арасындағы жайылым үшін жанжалдар өршіп тұрды. XIX ғасырдың соңына қарай қазақ қоғамында жер мен жайылымға байланысты даулардың күрт күшеюі байқалды. Бұл құбылыс бірқатар әлеуметтік-экономикалық, саяси және табиғи факторлардың тоғысуынан туындады. Дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығы кең әрі еркін қозғалысқа сүйенгендіктен, әр ру-тайпаның маусымдық жайылымдарды (қысқы, көктемгі, жайлау, күзеу) пайдалану жүйесі ғасырлар бойы қалыптасқан құқықтық-әлеуметтік нормаларға негізделген еді. Алайда XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл жүйе терең өзгерістерге ұшырады. Ресей империясының отарлық басқару саясаты қазақ даласындағы жер қатынастарын түбегейлі өзгертті. Патша үкіметі қазақтар «артық» пайдалануда отырған далалық кеңістікті мемлекеттік меншік деп жариялап, қоныс аударушыларға бөліп беруді бастады.

Жердің тарылуы — жайылым үшін бәсекені күшейтті. Бұрын руаралық келісіммен шешілетін шекаралар енді ресми түрде қайта бөлініп, бұрын еркін көшіп-қонған бағыттар шектелді. Осы жағдайдың өзі ру-тайпалар арасындағы жерге талас пен жанжалды арттырды. Дәстүрлі қоғамдағы жер дауы көбінесе руаралық беделге, күш-қуатқа, мал саны мен көші-қон мүмкіндігіне тәуелді болды. Мысалы, жазғы және қысқы жайылым шекараларына қатысты дау жиілеп, кейде қарулы қақтығысқа дейін жетті. Малға қол сұғу, бөтен жайылымға кіріп кету, жыра-желінің шекарасын бұзу – жанжалдың басты түрлері болды. Әсіресе Батыс Қазақстан даласында жиі кездесетін

антагонизмнің бір көрінісі – барымта, яғни малды күшпен айыру немесе ұрлау болды. Көбінесе ұрлықтың көлемі жүздеген және мыңдаған малдарға, әсіресе жылқыларға жеткен. Сонымен бірге, мал ұрлау көшпелі қоғамда әдетте құқыққа қарсы немесе лайықсыз іс деп саналмаған. Керісінше, көрші тайпалардан үлкен мал табындарын айырған батыл адамдарды туған ауылында құрметпен қарсы алған. Барлық осы факторлар, әрине, көшпелі қоғамның тұрақты формада дамуына және мал иелеріне тұрақты табыс әкелуіне кедергі болды. Ал Батыс Қазақстандағы хан билігінің орталықтан әлсіз болуы, сол кезеңде далалық өмірде қалыпты жағдайға айналуы, бұл антагонизмді одан әрі ушықтырып, көшпелі қоғамның дамуына тұрақсыздық пен ертенгі күнге сенімсіздік әкелді. XIX ғасырдың басында Орынбор әскери губернаторы Г.С. Волконский Сыртқы істер министрлігіне хабарлағандай, Батыс Қазақстан даласындағы тонау мен зорлық әрекеттер қорқынышты мөлшерге жеткен және бұл көшпелі қоғамдағы орталық және жергілікті билік органдарының бұл заңсыздықты тоқтатуға толық қабілетсіз екенін дәлелдеген [5, 244 б.].

Батыс Қазақстандағы егіншілік біртіндеп дамып, кең өріс алды. XX ғасырдың басында Торғай облысының Ақтөбе және Қостанай уездерінде 80%-дан астам шаруашылық егіншілікпен айналыса, Орал облысында бұл көрсеткіш 70%-дан асқан [6, 210 б.]. Айта кету керек, Ақтөбе мен Қостанай уездері Торғай облысының аумағының шамамен үштен бірін құраған. Оралда орташа егіс көлемі 3,5 десятинадан 8 десятинаға дейін ұлғайды [7, 686]. Бұл тек ресейлік қоныс аударған шаруалардың ғана емес, қазақ шаруаларының да егіншілікпен белсенді айналысуына әсер етті. 1902 жылы Орал облысында қазақтар 240 259,6 десятина, ал басқа қазақ шаруалары 130 234 десятина жерді егіп, өңдеген [8, 36.].

Ғылыми-зерттеу сипаттағы жоспарланған шараларға қарамастан, мал шаруашылығының дамуы көптеген аймақтарда әлі де төмен деңгейде қалды. К.П. Балашев көптеген шаруашылықтардағы мал ұстау ерекшелігін зерттей отырып былай деп атап өткен: «Бұл – примитивті сипаттағы мал ұстау, әрине, жетілдірілген малдың дамуына кері әсер етеді, оның денсаулығын әлсіретеді және малды әртүрлі ауруларға сезімтал етеді...». Орал облысында әрбір шаруаға орта есеппен 5,9 бас ат пен түйе, 7,9 бас ірі қара мал, 24,8 бас қой тиесілі болған. Мал шаруашылығының дамуы екінші жағынан егіншілікпен қатар жүрді. Біртіндеп өңірде ауыл шаруашылық құралдарын кеңінен пайдалану басталып, бұл кейбір шаруашылықтарда еңбек өнімділігін арттырды. Мысалы, 1901 жылы Оралда ауыл шаруашылық құралдары қоймасы ашылды, ал 1903 жылы оның капиталы 87 000 рубльге жетті. 1902 жылы кредит ретінде 613 бірқырлы бұрақ, 36 екіқырлы бұрақ, 36 шөп шабу машинасы, 27 атқа тартылатын тырма берілген. Бақша шаруашылығы әлдеқайда баяу қарқынмен дамыды. 1900 жылы Орал казак войскінің аумағында бау-бақшаға 1526 десятина жер, ал 1901 жылы 1656 десятина жер бөлінген [9,85 б.].

Қорытынды. Ұсынылған деректер мен талдаулар қазақ халқының XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басында шаруашылық құрылымында маңызды өзгерістер орын алғанын көрсетеді. Бұл кезеңде қазақ қоғамы дәстүрлі мал шаруашылығына негізделген экономикалық модельді сақтай отырып, егіншілікпен де белсенді айналыса бастағанын байқаймыз. Егіншілік дағдыларының кеңеюі тек көшпелі халықтың ішкі шаруашылық қажеттілігінен ғана емес, сонымен қатар отарлық биліктің жерді қайта бөлу, қоныстанушыларды орналастыру және ауыл шаруашылығын жаңаша ұйымдастыру саясатының ықпалынан туындады. Осы үдерістің нәтижесінде мал шаруашылығы мен егіншілікті ұштастырған аралас шаруашылық моделі қалыптаса бастады. Бұл трансформация тек қазақтар арасында ғана емес, аймаққа қоныс аударған орыс және украин шаруаларының өз шаруашылығын бейімдеуінен де байқалды. Олар бастапқыда

негізінен егіншілікпен айналысқанымен, жергілікті табиғи жағдайларға байланысты мал өсіру ісін де қатар жүргізуге мәжбүр болды. Мұның өзі өңірдегі шаруашылықтың көпқырлы сипатын күшейтіп, этникалық топтар арасындағы өзара тәжірибе алмасудың жаңа формаларын туындатты. Аграрлық трансформация жағдайында көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығы экономикалық тиімділік тұрғысынан өзгеріп, кейбір бағыттарда әлсірегенімен, дәстүрлі шаруашылық жүйесінің қоғам өміріндегі маңызы толығымен жойылды деуге болмайды. Көшпелі өмір салтының құрылымы, мал шаруашылығына тән дағдылар мен шаруашылық тәжірибесі жаңа экономикалық жағдайларға бейімделе отырып сақталды. Демек, дәстүрлі шаруашылық элементтері аймақтың әлеуметтік-экономикалық өмірінде өз орнын жоғалтпай, жаңа мазмұнмен толығып отырды. XX ғасырдың басындағы аграрлық қайта құрулар жағдайында тұрғындар жаңа шаруашылық модельдеріне икемделуге мәжбүр болды. Уақыт өте келе мал шаруашылығы мен егіншілік арасындағы шекаралар біртіндеп жойылып, аралас шаруашылықтың орнығуы ұзақ әрі күрделі тарихи-әлеуметтік процесс ретінде сипатталды. Бұл өзгерістер адамдардың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне ғана емес, олардың еңбек мәдениетіне, жермен қарым-қатынасына, экономикалық мінез-құлқына әсер етті.

Жалпы алғанда, аграрлық трансформация аймақта жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынастардың пайда болуына, шаруашылық жүйесінің жаңаруына және халықтың өзгерген экономикалық ортаға бейімделу қажеттілігінің артуына алып келді. Бұл өзгерістер Батыс Қазақстан өңірін де айналып өтпей, оның шаруашылық құрылымына, демографиялық динамикасына және мәдени даму бағытына тікелей ықпал етті. Сондықтан аграрлық трансформацияны зерттеу – аймақтың тарихи эволюциясын, экономикалық бейнесін және әлеуметтік болмысын терең түсінуге мүмкіндік беретін маңызды ғылыми міндет болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Российский государственный исторический архив (РГИА). Ф. 967. Оп. 1. Д. 48. Л. 1.
- 2 Зиманов, С. З. Общественный строй казахов первой половины XIX века [Текст] / С. З. Зиманов. – Алма-Ата: АН КазССР, 1958. – 296 с.
- 3 Троицкий, Н. Очерки Зауральской степи и Внутренней или Букеевской Орды [Текст] / Н. Троицкий. – Алматы: Өлке, 2004. – С. 301.
- 4 Центральный государственный архив Республики Казахстан (ЦГА РК). Ф. 318. Оп. 1. Д. 1. ЛЛ. 34–45. – Режим доступа: <http://www.cga.kz/>
- 5 Материалы по истории Казахской ССР [Текст] : (1785–1828 гг.) / Акад. наук СССР, Ин-т истории ; [отв. ред. В. И. Лебедев ; вед. ред. Б. А. Вадецкий]. – Москва; Ленинград : Изд-во АН СССР, 1940. – 543 с. – (Т. 4). – 3000 экз. – Нұриля Шаханова қоры.
- 6 Материалы по истории Казахской ССР [Текст]. Т. 1 / под ред. М. П. Вяткина. – Москва; Ленинград : АН СССР, 1940. – С. 295.
- 7 Чиркин, Г. Ф. Землеотводное дело в киргизской степи и необходимость землеустройства киргиз [Текст] / Г. Ф. Чиркин // Вопросы колонизации: периодический сборник. – 1907. – № 3. – https://www.academia.edu/127618725/Чиркин_Г_Землеотводное_дело_в_Киргизской_сте_пи_и_необходимость_землеустройства_киргиз_Ч_Вопрос_о_землеустройстве_киргиз_Вопросы_колонизации_1908_3
- 8 Обзор Уральской области за 1902 год [Текст]. – Уральск, 1903. – С. 3. – Режим доступа: <https://kazneb.kz/ru/catalogue/view/1093908>

9 Памятная книжка и адрес-календарь Уральской области на 1903 год [Текст]. – Уралъск, 1902. – С. 85. –<https://kazneb.kz/index.php/ru/catalogue/view/1612924>

REFERENCES

1 Rossiyskiy gosudarstvennyy istoricheskiy arkhiv (RGIA). F. 967. Op. 1. D. 48. L. 1. – (In Rus)

2 Zimanov, S. Z. Obshchestvennyy stroy kazakhov pervoy poloviny XIX veka [The Social System of the Kazakh People in the First Half of the 19th Century]. Alma-Ata: AN KazSSR, (1958): 296 s. – (In Rus)

3 Troitskiy, N. Ocherki Zaural'skoy stepi i Vnutrenney ili Bukeevskoy Ordy [Essays on the Trans-Ural Steppe and the Inner or Bukey Horde]. Almaty: Olke, (2004): 301 s. – (In Rus)

4 Tsentral'nyy gosudarstvennyy arkhiv Respubliki Kazakhstan (TsGA RK). F. 318. Op. 1. D. 1. LL. 34–45. Available at: <http://www.cga.kz/> – (In Rus)

5 Materialy po istorii Kazakhskoy SSR (1785–1828 gg.) [Materials on the History of the Kazakh SSR (1785–1828)]. Akademiya nauk SSSR, Institut istorii; otv. red. V. I. Lebedev; ved. red. B. A. Vadetskiy. Moscow; Leningrad: Izdatel'stvo AN SSSR, (1940): 543 s. (Vol. 4). 3000 copies. Nurilya Shakhanova qory. – (In Rus)

6 Materialy po istorii Kazakhskoy SSR [Materials on the History of the Kazakh SSR]. Vol. 1. Ed. by M. P. Vyatkin. Moscow; Leningrad: AN SSSR, (1940): 295 s. – (In Rus)

7 Chirkin, G. F. Zemleotvodnoe delo v kirgizskoy stepi i neobkhodimost' zemleustroystva kirgiz [Land Allotment Affairs in the Kyrgyz Steppe and the Necessity of Land Management for the Kyrgyz]. Voprosy kolonizatsii: periodicheskiy sbornik. (1907). No. 3. Available at: <https://www.academia.edu/127618725> – (In Rus)

8 Obzor Ural'skoy oblasti za 1902 god [Overview of the Ural Region for 1902]. Ural'sk, (1903): 3 s. Available at: <https://kazneb.kz/ru/catalogue/view/1093908> – (In Rus)

9 Pamyatnaya knizhka i adres-kalendar' Ural'skoy oblasti na 1903 god [Memorial Book and Address Calendar of the Ural Region for 1903]. Ural'sk, (1902): 85 s. Available at: <https://kazneb.kz/index.php/ru/catalogue/view/1612924> – (In Rus)